




МАМЫР МЕРЕКЕЛЕРІНДЕ ХҚО
ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

2



ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТЫҢ ТОҚТАТЫЛУЫН
ТАЛАП ЕТКЕН ҚАЗАҚ КІМ?

7



№17 (661). 3 мамыр, 2024 жыл

Өзгені сынағанша, өзінді түзет!

ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады



7 МАМЫР
ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР
КҮНІМЕН!

Әнуарбек ОРШАБЕКОВ,
Кеңес одағының батыры С.Рақымов атындағы
Шымкент республикалық «Жасұлан» мектебі бастығының оқу ісі жөніндегі
орынбасары, академиялық басқармасының бастығы, подполковник:

«ЕЛІМІЗДІҢ ӘСКЕРІН ДАЙЫНДАУДА САРБАЗДАРДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ҚАНА ЕМЕС, ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ЖАҒЫНА ДА БАСЫМДЫҚ БЕРУІМІЗ ҚАЖЕТ»

Бүгінгі қоғамда елдің қорғаныс саласы, әскери кәсіп, әскери қызметтің беделін арттыру тақырыбы жиі қозғалатын болып жүр. Президенттің бастамасымен «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы қолға алынғалы не өзгеріп жатыр?

Жауапты саланың кадр ресурсын әзірлеудің басында тұрған баспалдақ – «Жасұлан» мектептері десек, солардың қатарында Шымкент қаласындағы Кеңес одағының батыры С.Рақымов атындағы Шымкент республикалық «Жасұлан» мектебіне соқпай өту мүмкін емес. Өзінің 40 жылдық тарихында қаншама әскери тұлғалардың қалыптасуына ықпал еткен мектептің

кадр мәселесін шешуде орны айрықша.

Алда «Отан қорғаушылар» мерекесі келе жатыр. Оған қоса биыл қос бірдей Кеңес одағының батыры Р.Қошқарбаев пен С.Нұрмағамбетовтердің 100 жылдығы аталып өтіледі. Мектептің 40 жылдық мерейтойы тағы бар. Дайындық барысын білмек болып, Шымкенттің «Жасұлан» мектебіне ат басын арнайы бұрып едік. Кеңес одағының батыры С.Рақымов атындағы Шымкент республикалық «Жасұлан» мектебі бастығының оқу ісі жөніндегі орынбасары, академиялық басқармасының бастығы, подполковник Ә.М.Оршабековпен әңгіме-сұқбат жасаудың реті келді.

Әнуарбек Мейрамбекұлы 2015 жылдан бастап Кеңес одағының батыры С.Рақымов атындағы Шымкент республикалық «Жасұлан» мектебінде әскери қызмет атқарып келемін, оқу ісі саласына, мектептің академиялық қызметіне, оқу процесіне, әдістемелік, ғылыми жұмыстарына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына сай оқу ісін ұйымдастырамын, оқушылардың сапалы білім алуына, сабаққа үлгеріміне қатысты құжат айналымына, оған қоса Қорғаныс министрілігінің бұйрықтарының орындалуына жауапты болып келеді.

(Жалғасы 3-бетте) ►



ЛОНДОНДА ҚАЗАҚША СӨЙЛЕУ КЛУБЫ АШЫЛДЫ

Лондондағы Қазақ орталығы және еріктілер тобы қазақша сөйлеу клубын ашты. Мақсаты ұлы Абай тілін меңгергісі келетін шетелдіктер мен қандастарымыздың басын біріктіріп, тілдік орта қалыптастыру.

Шетелдіктердің қазақ тілін үйренудегі мақсаты әр-алуан. Бірі Қазақстанға туристік сапармен барғысы келеді. Енді бірінің жұбайы қазақ ұлтынан. Қазақтілді адамға ғашық болып қалғандар да кездеседі. Тағы бірінің қазақ авторларының шығармаларын түпнұсқада оқып, түсінгісі бар.

Қазақша сөйлеу клубына тек шетелдіктер ғана емес отандастарымыз да мүше. Олар ана тілін толық меңгермегендерін ар санап, осында келген. Сондай-ақ басқа мемлекетте туған қандастарымыз да тіл білімдерін жетілдіріп жатыр.

Клуб мүшелері деңгейлеріне қарай шағын топтарға бөлініп, бірнеше үстел басына отырды. Түрлі тақырыптарда талқылауларға қатысып, сенімділіктерін арттырды. Шараның ұйымдастырушылары – Ұлыбританиядағы қазақ орталығы және еріктілер тобы.

Қазақша сөйлесу клубының тұсаукесер рәсімінде жастар мың бұрала би биледі, домбырамен құйкылжытып, күй орындады. Ұлы Абайдың өлеңдерін қазақ және ағылшын тілдерінде оқыды. Клубқа қатысу тегін. Бастапқыда айына бір рет бас қосу жоспарланып отыр.

Ғалымжан ҚАРАМАНҰЛЫ,
Қазақпарат

« ҚЫЗМЕТ » ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



ЕРІКТІЛЕР ЕРЕКШЕ
БЕЛСЕНДІ

5



ҚАРАҢ ҚАЛҒЫР: ЖАМАН СӨЗ БЕ,
ЖАҚСЫ СӨЗ БЕ?

6